ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 03 ақпан №1013-25-00-2/20 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К. Сыздыков,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер "Елжас" Нұргүл Бақытқазықызы Сейтжапарова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер "Елжас" Нұргүл Бақытқазықызы Сейтжапароваға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер "Елжас" Нұргүл Бақытқазықызы Сейтжапарованы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер "Елжас" Нұргүл Бақытқазықызы Сейтжапаровадан мемлекеттің пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде, Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **К. Сыздыков**

Құжатқа қол қойылған: Сыздыков К. С., 03.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.03.2025, судья Сыздыков К. С., 11.03.2025

1013-24-3-1/3389